

Салық салу мақсаттары үшін жерлерді зоналау негізінде жер салығының базалық ставкасын түзету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының XIV сессиясының 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 14/6-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 6 ақпанда № 5-4-106 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 49/5-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 30.11.2020 № 49/5-VI шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) .

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы (Салық кодексі) Кодексінің 510-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 8 - бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 – бабына сәйкес Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 12.03.2018 № 19/15-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Риддер қаласының жерлеріне базалық салық ставкаларын түзету бекітілсін.

Жер төлімдері үшін жер салығының базалық салық ставкасы:

I	зонаны	–	50 %-ға	көтеру;
II	зонаны	–	40 %-ға	көтеру;
III	зонаны	–	45 %-ға	көтеру;
IV	зонаны	–	35 %-ға	көтеру;
V	зонаны	–	15 %-ға	көтеру;
VI	зонаны	–	30 %-ға	көтеру;
VII	зонаны	–	10 %-ға	көтеру;
VIII	зонаны	–	20 %-ға	көтеру;
IX, X, XI, XII	зонаны	–	0 %.	

2. Алып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 14.07.2015 № 36/9-V шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Алып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 14.07.2015 № 36/9-V шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Риддер қаласы елді мекендердің жерлеріне базалық салық ставкаларын түзету бекітілсін (үй маңындағы учаскелерді алмағанда).

Жер төлімдері үшін жер салығының базалық салық ставкасы:

I	зонаны	–	50%-ға	көтеру;
II	зонаны	–	40%-ға	көтеру;
III	зонаны	–	30%-ға	көтеру;
IV	зонаны	–	20%-ға	көтеру;
V	зонаны	–	10%-ға	көтеру;
VI	зонаны	–	0%	;
VII	зонаны	–	10%-ға	төмендету;
VIII	зонаны	–	20%-ға	төмендету;
IX	зонаны	–	30%-ға	төмендету;
X	зонаны	–	40%-ға	төмендету.

5. Риддер қаласы елді мекендерінен сыртта жатқан өнеркәсіп жерлеріне базалық салық ставкаларын түзету бекітілсін.

Жер төлімдері үшін жер салығының базалық салық ставкасы:

I	зонаны	–	20%-ға	көтеру;
II	зонаны	–	20%-ға	төмендету.

6. Осы шешімге сәйкес Риддер қаласы бойынша Салық басқармасы, Риддер қаласы жер қатынастары бөлімінің келісімі бойынша салық салу кезінде заңды және жеке тұлғаларға базалық салық ставкаларын түзетуді қолдансын.

7. Мәслихаттың 08.12.2004 жылғы № 12/10-III "Салық салу мақсаттары үшін жерлерді зоналаудың негізінде жер салығының базалық ставкасын түзету туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 22.12.2004 ж. № 2086 тіркелген) күшін жойды деп саналсын.

8. Шешім оның бірінші ресми түрде жарияланған күннен соң он күнтізбелік күннің аяқталуы бойынша қызметіне енеді.

*Кезекті сессияның төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы*

*Ж.ДЮСУПОВ
А.ЕРМАКОВ*